

Өрт қауіпсіздігі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы N 48 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 11.04.2014 № 188-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "мемлекеттік комитеттер", "мемлекеттік комитеттерге", "мемлекеттік комитеттердің", "мемлекеттік комитеттерді" деген сөздер алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.12.29. № 511, Мәтіндегі сөздер ауыстырылды - 2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша:

"меншік нысанына қарамастан", "меншік нысандарына қарамастан", "меншік нысандарына қарамастан", "Меншік нысанына қарамастан", "меншік нысанына қарамастан", "Меншік нысандарына және қай ведомствоға байланыстылығына қарамастан" деген сөздер алып тасталды;

"өртке қарсы қызмет органдарының", "өртке қарсы қызметтің органдарын", "Өртке қарсы қызмет органдарының", "өртке қарсы қызмет органдары", "Өртке қарсы қызмет органдары", "өртке қарсы қызмет органының", "өртке қарсы қызмет органы" және "өртке қарсы орган", "өртке қарсы қызмет органдарында", "өртке қарсы қызмет органдарындағы", "Өртке қарсы қызмет органына", "өртке қарсы қызмет органдарына", "өртке қарсы қызмет объектілері", "Өртке қарсы қызмет органдарындағы", "Өртке қарсы қызмет органдарын", "Өртке қарсы қызмет органдарында", "өртке қарсы қызмет органдарымен" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын", "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары", "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органының", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органы", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы", "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органына", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына", "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы", "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында", "

мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарымен" деген сөздермен ауыстырылды;

"Өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органға", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органына", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органының", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органы", "Өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның", "өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы орган", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органымен", "Қазақстан Республикасының Өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органмен" деген сөздер тиісінше "Уәкілетті орган", "уәкілетті органға", "уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "уәкілетті орган", "уәкілетті органмен", "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылды - 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету адамдардың өмірі мен денсаулығын, меншікті, ұлттық байлық пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік қызметтің ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Заң мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы аумағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы құқықтық қатынастарын реттейді.

1-тарау

Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) адамдар жаппай жиналатын объект - бір мезгілде жүз және одан көп адамның келуіне есептелген сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық, мәдени-ағарту және ойын-сауық ұйымдарының, ғибадат мекемелерінің, көңіл көтеру орындарының ғимараттары, құрылыстары және үй-жайлары, көліктің барлық түрлерінің вокзалдары, сондай-ақ бір мезгілде жиырма бес және одан көп адамның келуіне есептелген денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, қонақ үйлердің ғимараттары мен құрылыстары;
- 2) аккредиттеу - заңды тұлғаның өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерге тәуелсіз бағалау жүргізу жөніндегі жұмыстарды орындауға құқықтылығын өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның ресми тануы;
- 3) аккредиттеу аттестаты - өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган беретін, заңды тұлғаның өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерге тәуелсіз бағалау жүргізу жөніндегі жұмыстарды орындау құқығын куәландыратын құжат;

4) ерікті өрт сөндіруші - өрттердің алдын алу және (немесе) оларды сөндіру жөніндегі қызметке ерікті негізде тікелей қатысатын, ерікті өрт сөндірушілер тізілімінде тіркелген азамат;

5) қоныстану аумағы - елді мекен аумағының тұрғын үй қорын, қоғамдық ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ жекелеген коммуналдық және өнеркәсіптік объектілерді орналастыруға арналған бөлігі;

6) объект - жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкі, мемлекеттік мүлік, оның ішінде ғимараттар, құрылыстар, құрылғылар, технологиялық қондырғылар, жабдық, агрегаттар мен өрттің алдын алу және өрт кезінде адамдарды қорғау үшін өрт қауіпсіздігі талаптары белгіленген немесе белгіленуге тиіс өзге де мүлік ;

7) өрт - адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне материалдық залал, зиян келтіретін бақылаусыз жану;

8) өртке қарсы ерікті құралымдар - дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған ұйымдардағы, елді мекендердегі өрттердің профилактикасы және оларды сөндіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін құрылатын қоғамдық бірлестіктер;

9) өртке қарсы қызмет - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылған басқару органдарының, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының облыстардағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы, облыстық маңызы бар қалалардағы, аудандардағы күштері мен құралдарының, сондай-ақ өрттердің алдын алуды және оларды сөндіруді ұйымдастыруға, өрттерді сөндірумен байланысты бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің жиынтығы;

10) өрт қауіпсіздігі - адамдардың, мүліктің, қоғам мен мемлекеттің өрттен қорғалуының жай-күйі;

11) өрт қауіпсіздігінің талаптары - өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген техникалық және (немесе) әлеуметтік сипаттағы арнаулы шарттар;

12) өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерді тәуелсіз бағалау - объектілердің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін немесе сәйкес еместігін белгілеу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

13) өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау - уәкілетті органның өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың өрт қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі;

14) өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) -

өрт қауіпсіздігі саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

15) өрт қауіпсіздігі шаралары - өрт қауіпсіздігі талаптарын орындау жөніндегі іс-әрекеттер;

16) өрт сөндіруге байланысты бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстары - адамдарды, мүлікті құтқару және эвакуациялау, өрт кезінде зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету жөніндегі іс-әрекеттер;

17) өрт сөндіру-техникалық өнімі - өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған арнаулы техникалық, ғылыми-техникалық және зияткерлік өнім, оның ішінде өрт сөндіру техникасы мен жабдығы, өрт сөндіру жарақтары, отты сөндіретін және оттан қорғайтын заттар, арнаулы байланыс және басқару құралдары, электронды есептеу машиналарына арналған бағдарламалар мен деректер базасы, сондай-ақ өрттердің алдын алудың және оларды сөндірудің өзге де құралдары;

18) сарапшы ұйым - өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерді тәуелсіз бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға белгіленген тәртіппен аккредиттелген ұйым;

19) тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектісі - пайдаланылуын тоқтату (тоқтата тұру) елді мекендер мен аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдары қызметінің бұзылуына әкеп соғатын денсаулық сақтау, телекоммуникация, байланыс, газбен, энергиямен, жылумен, сумен жабдықтау және су бұру ұйымдары.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.28 № 295-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы заңдары

Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі мәселелерін реттейтін басқа да заңдық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

3-бап. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі принциптері

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі принциптері:

- Өрт қауіпсіздігі саласында адамдардың өмірі мен денсаулығын, меншікті, ұлттық байлық пен қоршаған ортаны қорғау;

- ұйымдар мен азаматтардың қызметіндегі қатер деңгейін алдын-ала анықтау, өрт қауіпсіздігі саласында сақтандыру шараларына оқытып-үйрету және алдын алу шараларын жүзеге асыру;

- өрт сөндіру, бірінші кезектегі авариялық-құтқару және басқа қажетті

жұмыстарды жүргізу міндеттілігі, медициналық көмек көрсету, азаматтарды және зардап шеккен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, өрт салдарынан азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған орта мен шаруашылық жүргізуші объектілерге келтірілген зиянның орнын толтыру болып табылады.

4-бап. Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі

Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігі жүйесі - өртті және одан келетін залалды болдырмауға бағытталған экономикалық, әлеуметтік, ұйымдық, ғылыми-техникалық және құқықтық шаралардың, сондай-ақ өртке қарсы қызмет күштері мен техникалық құралдарының жиынтығы.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін орталық және жергілікті атқарушы органдарды, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын, мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті, өрттен қорғау-техникалық ғылыми-зерттеу мекемелерін, өрттен қорғау-техникалық оқу орындарын, өрт сөндіру-техникалық өнім өндіру кәсіпорындарын қамтиды.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

2-тарау

Мемлекеттік органдардың өрт қауіпсіздігі саласындағы құзыреті

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметі өрт қауіпсіздігі саласында:

- мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оны жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық және тактикалық шараларды әзірлейді және оларды іске асыруды қ а м т а м а с ы з е т е д і ;
- мемлекеттік органдар қызметіне басшылық жасайды, олардың Қазақстан Республикасы заңдарын, Президенті мен Үкіметінің актілерін орындауын б а қ ы л а й д ы ;
- өрт қауіпсіздігі саласында ақпарат беру, білімді насихаттау, халықты және мамандарды оқытып-үйрету тәртібін белгілейді;
- өртті және оның салдарын мемлекеттік есепке алу тәртібін айқындайды;
- мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары штат санының лимитін

б е л г і л е й д і ;

- қоныстану аумақтарының және өртке қарсы қызмет өрттен қорғайтын мемлекеттік меншіктегі аса маңызды объектілердің тізбесін белгілейді;

- Қазақстан Республикасы аумағында өрттерден сақтандыру мен оларды жою жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады және шетелдік ұйымдар мен азаматтардың қызмет тәртібін белгілейді;

- мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қатардағы және басшы құрамының қызмет өткеруі туралы ережені бекітеді;

- өртке қарсы қызмет міндетті түрде құрылатын ұйымдар мен объектілердің т і з б е с і н б е к і т е д і ;

- өрт қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді;

- дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендердегі өртті сөндіру тәртібін белгілейді;

- өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленбеген талаптарды келісу тәртібін белгілейді;

- міндетті түрде өртке қарсы қызмет құрылуға тиіс ұйымдар мен объектілерде өрт сөндіруге мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары тартылған жағдайда шығатын шығындарды өтеу тәртібін айқындайды;

- мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің жұмысын жүзеге асыру тәртібін б е к і т е д і ;

- мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері үшін нысанды киімнің және арнаулы киім-кешектің үлгілері мен тиесілілік н о р м а л а р ы н б е л г і л е й д і ;

- өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекітеді;

- казармалық жағдайдағы өрт-техникалық оқу орындарының курсанттарын тамақтандыруды қамтамасыз ету жөніндегі нормаларды бекітеді;

- өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерге тәуелсіз бағалау жүргізу тәртібін б е к і т е д і ;

- өзіне Конституцияда, осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.07.16 № 437, 2000.05.05 № 48, 2003.12.29 № 511, 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.31 N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.29 № 209, 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.06.28 № 295-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді, өрт қауіпсіздігі саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

2) өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтерді, стандарттар мен ережелерді әзірлейді;

3) өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

4) өрт қауіпсіздігі саласындағы зерттеу қызметін, білімді насихаттауды, азаматтар мен мамандарды оқытып-үйретуді ұйымдастырады;

4-1) халықты және ұйымдарды өрт қауіпсіздігі саласындағы шаралар туралы хабардар етеді;

5) алып тасталды

6) өз өкілеттіктері шегінде өрттер бойынша анықтауды жүзеге асырады;

6-1) өртке қарсы қызметтердің өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандарын арнайы даярлау бойынша бағдарламаны, оқу курстарын және біліктілік талаптарын бекітеді;

7) өртке қарсы қызметтердің жұмысын үйлестіреді;

8) алып тасталды - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9-1) алып тасталды - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11) объектілер құрылысына өрт қауіпсіздігінің талаптарын белгілейтін стандарттардың, нормалар мен ережелердің жобаларын келіседі;

12) өрт қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;

13) өрт қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

14) алынып тасталды - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15) өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік есепке алуды жүргізеді;

15-1) қылмыстар профилактикасы, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қорғау, халық

тарапынан сенім мәселелеріне басымдық беріп, өкілді органдар мен жұртшылық беретін сыртқы бағалау тетіктерін айқындай отырып, сыбайлас жемқорлық деңгейінің рейтингтік бағасын енгізіп, есептілік және қызметті бағалау жүйесін жетілдіреді, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастықтың әртүрлі нысандарын белгілейді;

16) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және б е к і т е д і ;

17) өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерді тәуелсіз бағалау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеуді жүргізеді;

18) сарапшы ұйымдардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

19) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), өзгеріс енгізілді - 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.29 № 209, 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2010.06.28 № 295-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Орталық мемлекеттік органдардың өрт қауіпсіздігі саласындағы құзыреті

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

1) өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтерді, стандарттар мен ережелерді әзірлеп, келіседі, мемлекеттік есепке алуды жүргізеді және оның деректерін уәкілетті органға береді;

- 2) салалық өрттен қорғау-техникалық комиссияларын құрады;
- 3) мемлекеттік органдардағы өрт қауіпсіздігінің жай-күйін бақылауды қамтамасыз етеді, өрттің алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;
- 4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), өзгерту енгізілді - 2010.06.28 № 295-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының өрт қауіпсіздігі саласындағы өкілеттіктері

Ескерту. 8-баптың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР 2010.06.28 № 295-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының өрт қауіпсіздігі саласындағы өкілеттіктеріне мыналар жатады:

1) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2) өрт салдарынан зардап шеккен азаматтар мен қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын өз құзыреті шегінде қамтамасыз ету, азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге келтірілген з и я н д ы ө т е у ;

3) дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендердегі өрттерді сөндіру;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне орай Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының - 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), өзгерту енгізілді - 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.06.28 № 295-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының мәртебесі мен құзыреті

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының - 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

9-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының мәртебесі

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өрттің алдын алуды, өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылауды және өрт сөндіруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар болып табылады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары уәкілетті органнан, уәкілетті органның ведомствосынан, оның аумақтық бөлімшелерінен және мемлекеттік мекемелерден, оның ішінде өрт-техникалық оқу орындарынан тұрады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының тулары болады, олардың сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-1-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының құзыреті

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары:

- 1) өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылауды жүзеге асырады;
- 2) (алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен)
- 3) (алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.01.12 № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен)
- 4) өрт және өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу туралы істер бойынша анықтауды жүзеге асырады;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреттер шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді жүзеге асырады;
- 6) өртке қарсы қызмет бөлімшелерін жұмылдыру дайындығы және бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар туындаған кезде жұмылдыру, олардың жұмысының орнықтылығын арттыру жөнінде шаралар әзірлейді,

мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының жұмылдыруға ұдайы дайын
болуын қамтамасыз етеді;

7) (алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен)

8) елді мекендерде және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан объектілерде өрт сөндіру бөлімшелерінің өртке қарсы күреске дайындығын бақылауды жүзеге асырады;

9) қоныстану аумақтарын және мемлекеттік меншіктегі ерекше маңызды объектілерді өрттен қорғауды қамтамасыз етеді.

Ұйымдардың, жекелеген өндірістердің, өндірістік учаскелердің, агрегаттардың жұмысын ішінара немесе толық тоқтата тұруды, субъектілер өрт қауіпсіздігінің нормалары мен ережелерін бұза отырып жүзеге асыратын, сондай-ақ ұйымдарды, объектіні, құрылыстарды, ғимараттарды салу, қайта жаңарту, кеңейту немесе техникалық қайта жарактандыру кезінде жобаларда көзделген өрт қауіпсіздігінің талаптары орындалмағанда ғимараттарды, құрылыстарды, электр желілерін, жылыту аспаптарын пайдалануға және өрт шығу қаупі бар жұмыстарды жүргізуге тыйым салуды уәкілетті органның және облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы), облыстық маңызы бар қалалардағы, аудандардағы аумақтық мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының өтініші бойынша сот жүргізеді.

Субъектінің жұмысын ішінара немесе толық тоқтату немесе оған тыйым салу туралы талап-арызды уәкілетті орган және облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы), облыстық маңызы бар қалалардағы, аудандардағы аумақтық мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жібереді.

Ескерту. 9-1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2006.12.29 № 209, 2007.01.12. № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

9-2-бап. <*>

Ескерту. 9-2-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

9-3-бап. <*>

Ескерту. 9-3-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

9-4-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы оқу орындары

Өрт қауіпсіздігі саласындағы оқу орындары өртке қарсы қызмет қызметкерлеріне білім беру және олардың біліктілігін арттыру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын мамандықтар бойынша жоғары білімі бар мамандарды даярлау мақсатында құрылады.

Өрт қауіпсіздігі саласындағы оқу орындарының басты міндеттері:

1) мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің кәсіби өсуі мен біліктілігін арттыруға жағдай жасау;

2) мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары үшін мамандар даярлау;

3) мамандар даярлау бейініне сәйкес қызметті жетілдірудің өзекті проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу, алынған зерттеу нәтижелерін оқу процесіне және практикаға енгізу болып табылады.

Ескерту. 9-4-баппен толықтырылды - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), өзгерту енгізілді - 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

9-5-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторы - мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының басшысы;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторының орынбасарлары - мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары басшысының орынбасарлары;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары - мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының мемлекеттік бақылау жөніндегі мамандары;

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторлары - мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық органдарының басшылары;

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторларының орынбасарлары - мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық органдары басшыларының орынбасарлары;

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары - мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық органдарының мемлекеттік бақылау жөніндегі мамандары жатады.

3. Шахталардың, кеніштердің, кен қазбаларының жерасты құрылыстарында, ашық көмір разрездерінде, орман және тоғай алқаптарының аумақтарында, сондай-ақ әуе, теміржол, теңіз және ішкі су көлігінде өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылауды Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті органдары жүзеге асырады.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының дипломатиялық мекемелерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шет елдердегі өкілдіктерінің өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз етілуін бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік инспекторлар жүргізілген мемлекеттік бақылаудың нәтижелері бойынша өрт қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының анықталған бұзушылықтарына қарай мынадай актілер:

1) тексеру жүргізу нәтижелері бойынша акт;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама;

3) өрт қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама;

4) өрт қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптары бұзылған жағдайда кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы қаулы шығарады.

5. Дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың өрт қауіпсіздігі саласындағы нормаларды, қағидаларды, техникалық регламенттерді және ұлттық стандарттарды сақтауы бақылануға жатады.

Ескерту. 9-5-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - 2006.12.29 № 209, 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.06.28 № 295-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап

қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-6-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылауды жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 9-6-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

3-1-тарау

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдайы

Ескерту. 3-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің және өзге де жұмыскерлерінің еңбегін құқықтық реттеу

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктер ескеріліп, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттеледі.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының өзге де жұмыскерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен реттеледі.

11-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің арнаулы атақтары

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне арнаулы атақтар беріледі.

Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің арнаулы атақтар берілетін лауазымды адамдарының тізбесін, сондай-ақ орталық орғандағы, оның ведомствосындағы, аумақтық бөлімшелердегі және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердегі соларға сәйкес шекті атақтарды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-1-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қаржыландыру

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қаржыландыру бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

3-2-тарау

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерін әлеуметтік қорғау және осы органдарды қаржыландыру

Ескерту. 3-2-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Ескерту. 3-2-тарау алып тасталды - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-3-тарау

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласына қатысуы

Ескерту. 3-3-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

12-бап. Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет

1. Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет - жеке немесе заңды тұлғалардың өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ ұйымдар мен объектілерде өртпен байланысты бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу ж ө н і н д е г і қ ы з м е т і .

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет міндетті түрде құрылатын ұйымдар мен объектілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің негізгі міндеттеріне:

- 1) тиісті объектілерде өрттің алдын алу және оны сөндіру;
- 2) тиісті объектілерде өрт сөндіруге байланысты бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жатады.

3. Өртке қарсы қызмет міндетті түрде құрылатын ұйымдар мен объектілердің өрт қауіпсіздігі мемлекеттік емес өртке қарсы қызметпен шарттар жасасу арқылы қ а м т а м а с ы з е т і л у і м ү м к і н .

4. Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет осы Заңға және өртке қарсы қызметтің жұмысын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өз қ ы з м е т і н жү з е г е а с ы р а д ы .

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет субъектілері өрт қауіпсіздігі саласындағы міндеттерді орындауда мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына жәрдемдесуге міндетті.

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің осы Заңда көзделген барлық заңды талаптарын орындауға міндетті.

5. Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметке жұмысқа кәмелеттік жасқа толған және арнайы дайындық пен оқу курсынан өткен Қазақстан Республикасының азаматтары қабылдана алады.

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметке жұмысқа психикалық ауруы, денсаулық жай-күйінің шектеулі болуы себепті, маскүнемдігі немесе нашакорлығы бойынша денсаулық сақтау органдарында есепте тұратын, сондай-ақ мемлекеттік емес өртке қарсы қызметке жұмысқа кіру уақытында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар қабылдана алмайды.

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет өз қызметкерлерін мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары үшін белгіленген нормалар бойынша арнайы киім-кешекпен және өртке қарсы жарақтармен қамтамасыз етуге міндетті.

6. Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары үшін белгіленген өрт сөндіру техникасы, өрт-техникалық жарақтары мен жабдықтары бойынша тиісті нормаларға сәйкес келуге тиіс.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

13-бап. Өртке қарсы ерікті құралымдар

1. Дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған ұйымдардағы, елді мекендердегі өрттердің профилактикасы және оларды сөндіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында өртке қарсы ерікті құралымдар құрылуы мүмкін.

2. Өртке қарсы ерікті құралымдардың негізгі міндеттеріне:

1) дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған ұйымдардағы, елді мекендердегі өрттердің алдын алу және оларды жою;

2) дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған ұйымдардағы, елді мекендердегі өрттерді сөндірумен байланысты бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу;

3) өрт қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету жатады.

Өртке қарсы ерікті құралымдар өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту және оларды өрт шыққан кездегі

іс-әрекеттерге даярлауды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

3. Өртке қарсы ерікті құралымдар ерікті өрт сөндірушілерден жасақталады.

Ерікті өрт сөндірушілерге ерікті негізде өзінің іскерлік және моральдық қасиеттерімен, сондай-ақ денсаулық жағдайына қарай өрттердің алдын алумен және (немесе) оларды сөндірумен байланысты міндеттерді орындауға қабілетті азаматтар жеке тәртіппен қабылданады.

Ерікті өрт сөндірушілерге қабылданған азаматтар жүргізілуін ерікті өртке қарсы құралымдар жүзеге асыратын ерікті өрт сөндірушілер тізілімінде тіркеледі және бастапқы даярлықтан өтеді.

Ерікті өрт сөндірушілердің бастапқы даярлық бағдарламасын уәкілетті орган бекітеді.

Ерікті өрт сөндірушілердің кейінгі даярлығы өртке қарсы ерікті құралымда жүзеге асырылады.

Ерікті өрт сөндірушілердің кейінгі даярлық бағдарламасын өртке қарсы ерікті құралымның басшысы әзірлейді және уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басшысы бекітеді.

4. Өртке дер кезінде ден қою үшін уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің келісімі бойынша өртке қарсы ерікті құралымның басшысы ерікті өрт сөндірушілерді жинау тәртібі мен оларды өрт шыққан жерге жеткізу тәсілін айқындайды.

5. Ерікті өрт сөндірушінің өрттердің алдын алу және оларды сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттерді сөндіруге байланысты бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды орындау кезеңінде қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертіккен жағдайдағы кепілдіктері өртке қарсы ерікті құралымның жарғысында белгіленеді.

6. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі өртке қарсы ерікті құралымдардың тізілімін жүргізеді.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.28 № 295-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-тарау

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету

14-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы құқықтық реттеу

Өрт қауіпсіздігі саласындағы құқықтық реттеу - нормативтік құқықтық актілерде міндетті түрде орындалуға тиіс өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілеу.

Өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерге өрт қауіпсіздігінің нормалары мен ережелері, өрт қауіпсіздігінің талаптарын қамтитын нұсқаулықтар, техникалық регламенттер және өзге де нормативтік

құқықтық актілер жатады.

Өнімге және оның өмірлік циклінің процестеріне қойылатын өрт қауіпсіздігінің талаптары техникалық регламенттерде белгіленеді.

Мемлекеттік органдар әзірлейтін және өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілейтін нормативтік құқықтық актілер уәкілетті органмен міндетті түрде келісілуге тиіс.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.29 № 209 Заңымен.

15-бап. Өрт қауіпсіздігі шараларын әзірлеу және іске асыру

Өрт қауіпсіздігі шаралары Қазақстан Республикасының заңдарына, өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, сондай-ақ өртке қарсы күрес тәжірибесі, заттардың, материалдардың, технологиялық процестердің, бұйымдардың, конструкциялардың, ғимараттар мен құрылыстардың өртену қаупін бағалау негізінде әзірленеді.

Заттарды материалдарды, бұйымдарды және жабдықтарды дайындаушылар (жеткізушілер) тиісті техникалық құжаттамада осы заттардың, материалдардың, бұйымдар мен жабдықтардың өртену қаупін, сондай-ақ оларды пайдаланған кездегі өрт қауіпсіздігі шараларын міндетті түрде көрсетеді.

Кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар және басқа да объектілер үшін өрт қауіпсіздігі шараларын әзірлеп, іске асырғанда, соның ішінде оларды жобалағанда, өрт кезінде адамдардың басқа жерге қауіпсіз көшірілуін қамтамасыз ететін шешімдер міндетті түрде көзделуге тиіс.

Өндірістер үшін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шешімдерді көздейтін өрттерді сөндіру жоспарлары міндетті түрде әзірленеді.

Елді мекендер мен әкімшілік-аумақтық құрылымдар үшін өрт қауіпсіздігі шараларын тиісті мемлекеттік органдар әзірлеп, іске асырады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

15-1-бап. Объектілерді өрт қауіптілігі дәрежесі бойынша бөлу

Ескерту. 15-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, алынып тасталды - ҚР 2010.06.28 № 295-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. Өрттерді сөндіру

Өрттерді сөндіру азаматтарды, мүліктерді құтқаруға және өрттерді жоюға бағытталған іс-әрекеттер болып табылады.

Қоныстану аумақтарында, стратегиялық, ерекше маңызды мемлекеттік объектілерде және мемлекет меншігіндегі тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінде өрт сөндіруді мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жүзеге асырады.

Дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендердегі өрттерді сөндіруді тиісті аумақтағы жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Басқа объектілердегі өрттерді сөндіруді мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтер жүзеге асырады.

Міндетті түрде өртке қарсы қызмет құрылатын ұйымдар мен объектілерде өрт сөндіруге мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын тартқан жағдайда шығындарды өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жүргізіледі. Шығындар сомасы республикалық бюджетке есептеледі.

Өрттерді сөндіруді ұйымдастырудың және бұған мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті тарту тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің өрттерді сөндіруге баруы және оларды жоюға қатысуы сөзсіз тәртіппен жүзеге асырылады.

Өртке қарсы қызмет бөлімшелерін шақыру үшін елді мекендердің телефон жүйелерінде бірыңғай - 101 нөмірі белгіленеді.

Өрттерді сөндіру кезінде өртке қарсы қызметтің қызметкері барлық тұрғын үйге, өндірістік және басқа да үй-жайларға кедергісіз кіруге, сондай-ақ азаматтарды құтқаруға, оттың өршуіне жол бермеуге және өртті сөндіруге бағытталған кез-келген шаралар қолдануға құқылы.

Өртке қарсы қызметтің өртті сөндіруге тартылған барлық бөлімшелері өртті сөндіру жөніндегі басшыға бағынады. Өрттерді сөндіру кезінде мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының уәкілеттілік алған лауазымды адамдарынан басқа ешкімнің де оның іс-әрекетіне араласуға немесе оның өкімінің күшін жоюға құқығы жоқ.

Уәкілетті органның басшысы мемлекеттік өртке қарсы барлық қызметтерге қатысты аға жедел бастық болып табылады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық органдарының басшылары тиісті облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), облыстық маңызы бар қаланың, ауданның аумағында орналасқан өртке қарсы барлық қызметтерге қатысты аға жедел бастық болып табылады.

Өрттерді сөндіру кезінде келтірілген материалдық залал қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс. Өртке қарсы қызметтің жеке құрамы, аса қажет болған жағдайларда өрт сөндіруге қатысқан өзге де адамдар келтірілген залалды өтеуден босатылады.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдары және

қорғаныс, әуе, темір жол, теңіз және ішкі су көлігі, орман шаруашылығы объектілеріндегі өрттерді сөндіру уәкілетті орган мен тиісті заңды тұлғалары арасындағы келісімдермен регламенттеледі.

Апаттарды, дүлей зілзалаларды және өрт сөндіруге байланысты емес өзге де төтенше жағдайларды жою кезінде мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының күштері мен құралдары (ақшалай қаражаттан басқа) оларды жою жөніндегі басшының қарамағына көшеді.

Өрт сөндіру кезінде мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің:

1) өрт сөндіру үшін өртке қарсы қызметтің күштері мен құралдарын, көлік және басқа да материалдық-техникалық құралдарды тартуға;

2) өртті сөндіру және жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде цехтар мен объектілердің жұмысын тоқтатуға, қажет болғанда қауіпті аймақтан адамдарды және материалдық бағалы заттарды көшіруге нұсқау беруге;

3) өрт кезінде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында олардың жекелеген учаскелерге, аумақтарға, ғимараттардың үй-жайларына кірулерін шектеуге немесе оған уақытша тыйым салуға;

4) өрт кезінде азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында және азаматтарды құтқаруға, оттың таралуын болдырмауға және өртті жоюға бағытталған шараларды қабылдау үшін азаматтардың тұрғын үй және өзге де үй-жайларына, ұйымдарына, оларға тиесілі жер учаскелеріне, дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінен басқа аумақтар мен үй-жайларға кедергісіз кіруге;

5) қажет болған жағдайларда жабық есіктер мен терезелерді, сондай-ақ адамдарды құтқару мен өрт сөндіруде кедергі болатын құрылыстарды бұзып ашуға;

6) адамдарды құтқару үшін және аса қажет болған жағдайда өртті сөндіру және жою кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен, ұйымдардың байланыс құралдарын, мүлкін және өзге де материалдық құралдарын, көлікті, егер залал келтірілген болса, оны иелеріне өтеу арқылы пайдалануға құқылы.

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16 № 437, 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.06.28 № 295-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Өрт сөндіру - техникалық өнімді өндіру

Өрт сөндіру - техникалық өнімі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте шарттық негізде, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен жүзеге асырылатын тәртіпте өндіріледі.

Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын өрт сөндіру-техникалық өнімінің түрлерін уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16 № 437 Заңымен.

18-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсету

Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды орындайтын және қызмет көрсететін мемлекеттік емес ұйымдар құрылып, жұмыс істеуі мүмкін, оларға мыналар жатады:

- өрт сөндіру-техникалық өнімін өндіру, оны сынықтардан өткізу, сатып алу және жеткізіп беру;

- жобалау іздестіру жұмыстарын атқару;

- ғылым-техникалық кеңес беру және жобалардың мемлекеттік сараптамасының ерекше құзыретіне жатқызылатын сараптау жұмыстарын қоспағанда, сараптама жүргізу;

- заттардың, материалдардың, бұйымдардың, жабдықтардың және конструкциялардың өрт қауіпсіздігін сынау;

- халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқытып-үйрету;

- өртке қарсы насихатты жүзеге асыру, арнайы әдебиет пен жарнама өнімін басып шығару;

- оттан қорғау және мұржа-пеш жұмыстары;

- өрт саймандарын, өрттерді сөндірудің бастапқы құралдарын өндіру, оларды жөндеу және қызмет көрсету, отты сөндіретін заттардың сапасын қалпына келтіру;

- өртке қарсы қызметтің ғимараттары мен құрылыстарын салу, қайта құру және жөндеу;

- өрттен қорғау жүйелері мен құралдарын өндіру, монтаждау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

- өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерді тәуелсіз бағалау;

- тізбесін мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары белгілейтін өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да жұмыстар мен қызметтер жатады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16 № 437, 2003.07.02 № 454, 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап

күшіне енеді), 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.06.28 № 295-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**19-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы білімдерді
насихаттау, халықты және мамандарды
оқытып-үйрету**

Өрт қауіпсіздігі саласындағы білімдерді насихаттауды уәкілетті орган және республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары мен қоғамдық бірлестіктер жүзеге асырады. Білімдерді насихаттау үшін бұқаралық ақпарат құралдары п а й д а л а н у ы м ү м к і н .

Азаматтарды оқытып-үйрету мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру мекемелерінде, жұмыс орны мен тұрғылықты жері бойынша ұйымдарда, ал мамандарды оқытып-үйрету - орта білімнен кейінгі, арнаулы орта және жоғары білім беру, кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау ұйымдарында, өрт қауіпсіздігі саласындағы іс-әрекеттерге әзірлеу жөніндегі орталықтарда, жұмыс орны бойынша ұйымдарда жүргізіледі.

Бағдарламалар мазмұнына қойылатын талаптарды және өрт қауіпсіздігі шараларына оқытып-үйрету тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**20-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы ақпаратқа халықтың
құқығы**

Өрт қауіпсіздігі саласындағы ақпаратты ұйымдар қызметінің қауіп-қатер деңгейі және басым өртену қауіптілігі, қажетті қауіпсіздік, өрттердің салдарлары, олардан сақтандыру және оларды жою жөніндегі шаралар туралы мәліметтер құрайды. Ақпарат ашық және жариялы болып табылады, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жариялануға жатады.

Мемлекеттік органдар мен жергілікті мемлекеттік басқару органдары өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде өздері қабылдаған шешімдер туралы халықты хабардар етуге және өрттен қорғау - техникалық білімдерді таратуға ж ә р д е м д е с у г е т и і с .

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**21-бап. Өрттерді және олардың салдарын мемлекеттік
есепке алу**

Өрттерді және олардың салдарларын мемлекеттік есепке алуды мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті орган

ж ү з е г е

а с ы р а д ы .

Мемлекеттік органдар, ұйымдар мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына өрттер және олардың салдарлары туралы есептер ұсынады.

Ескерту. 21-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV Заңдарымен.

22-бап. Өрт қауіпсіздігін ғылыми-техникалық жағынан қамтамасыз ету

Өрт қауіпсіздігін ғылыми-техникалық жағынан қамтамасыз етуді ғылыми-зерттеу ұйымдары және оқу орындары жүзеге асырады.

Өрт қауіпсіздігі саласындағы ғылыми-техникалық талдамаларды қаржыландыру бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған басқа да қаржыландыру көздері есебінен жүзеге асырылады.

Ғылыми зерттеулерді үйлестіру уәкілетті органға жүктеледі.

Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

23-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті растау

Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті растау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады

Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.29 № 209, өзгерту енгізілді - 2007.01.12 № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-1-тарау

Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары

Ескерту. 4-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.12.29 № 209 Заңымен.

23-1-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы техникалық реттеу объектілері

Өнім және оның өмірлік циклінің процестері өрт қауіпсіздігі саласындағы техникалық реттеу объектілері болып табылады.

23-2-бап. Жобалау, салу, реконструкциялау және өндіру кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары

Техникалық реттеу объектілерін жобалау, салу, реконструкциялау және ө н д і р у к е з і н д е :

- 1) объектілерді орналастыру;
- 2) объектілерді пайдалану;

- 3) объектілерді өрт-техникалық тұрғыдан жіктеу;
- 4) объектілерді өрт депосы ғимараттарымен және құрылыстармен қамтамасыз ету ;
- 5) адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) өрттің таралуын болғызбау;
- 7) өртті сөндіру мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- 8) өрт сөндіру кезінде құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі талаптар сақталуға тиіс.

23-3-бап. Пайдалану, сақтау, тасымалдау, қолдану және өткізу кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары

Техникалық реттеу объектілерін пайдалану, сақтау, тасымалдау, қолдану және өткізу кезінде :

- 1) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар ;
- 2) адамдарды эвакуациялау жолдары;
- 3) өрт шыққан жағдайда адамдардың қауіпсіздігі мен іс-қимыл тәртібін қамтамасыз ету ;
- 4) инженерлік жүйелермен жарақталуы және олардың жұмыс жағдайына келтірілуі ;
- 5) өрт автоматикасы жүйесімен жарақталуы және оның жұмыс жағдайына келтірілуі, оған қызмет көрсету және қызмет көрсететін қызметкерлер ұдайы болатын орындарға шығару ;
- 6) өрт техникасымен жарақталуы және оның жұмыс жағдайына келтірілуі;
- 7) өрттің таралуын болғызбау;
- 8) өртті сөндіру мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- 9) аумақтарды, ғимараттар мен құрылыстарды, объектілердің үй-жайларын күтіп - ұстау ;
- 10) өрт сөндіру кезінде құтқару жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі талаптар сақталуға тиіс.

5-тарау

Өрт қауіпсіздігі саласындағы құқықтар мен міндеттер

24-бап. Азаматтардың өрт қауіпсіздігі саласындағы құқықтары мен міндеттері

Қазақстан Республикасы азаматтарының:

- өрттер болған жағдайда өздерінің өмірін, денсаулығын және жеке мүлкін қорғауға ;
- Қазақстан Республикасы аумағындағы белгілі бір жерде болғанда өздері

ұшырауы мүмкін өрт қаупі туралы және қажетті қауіпсіздік шаралар туралы
х а б а р д а р б о л у ғ а ;

- өрттер салдарынан өздерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды қолданылып жүрген заңдармен белгіленген тәртіппен өтеттіруге;

- өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, соның ішінде белгіленген тәртіппен қоғамдық өрттен қорғау бірлестіктері қызметіне қатысуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының азаматтары:

- өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;

- өрттерді байқаған жағдайда өртке қарсы қызметті дереу хабардар етуге;

- өртке қарсы қызмет бөлімшелері келгенге дейін азаматтарды, мүлкті құтқару және өрттерді сөндіру жөнінде қолдан келген шараларды қолдануға;

- өртті сөндіру кезінде өртке қарсы қызметке көмек көрсетуге;

- мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының нұсқамалары мен өзге де
з а ң д ы т а л а п т а р ы н о р ы н д а у ғ а ;

- Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау мақсатында өздеріне тиесілі өндірістік, шаруашылық, тұрғын үйлерді және өзге де үй-жайлар мен құрылыстарды тексеруге және қарап шығуға мүмкіндік беруге
м і н д е т т і .

Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

25-бап. Ұйымдардың өрт қауіпсіздігі саласындағы құқықтары мен міндеттері

Өрт қауіпсіздігі мен өрт сөндіруді қамтамасыз ету ұйымдардың басшыларына
ж ү к т е л е д і .

Ұ й ы м д а р д ы ң :

- өз қаражаты есебінен ұстайтын мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті осы Заңда белгіленген тәртіппен құруға, қайта ұйымдастыруға және таратуға, сондай-ақ шарттар негізінде мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті тартуға;

- мемлекеттік органдар мен жергілікті өкілді органдарға өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ұсыныс енгізуге;

- ұйымдардың объектілерінде болған өрттердің себептері мен мән-жайларын анықтау жөнінде жұмыстар жүргізуге;

- заңдармен белгіленген шекте өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі әлеуметтік және экономикалық ынталандыру шараларын белгілеуге;

- өрт қауіпсіздігі мәселелері жөнінде ақпарат, соның ішінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарынан ақпарат алуға құқығы
б а р .

Ұ й ы м д а р :

- өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының нұсқамалары мен өзге де заңды талаптарын орындауға;

- өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асыруға ;

- өртке қарсы насихат жүргізуге, сондай-ақ өздерінің қызметкерлерін өрт қауіпсіздігі шараларына оқытып-үйретуге;

- міндетті түрде өртке қарсы қызмет құрылатын ұйымдар мен объектілерде, соның ішінде мемлекеттік емес өртке қарсы қызметпен шарт жасасу негізінде мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті құруға немесе ұстауға;

- өрт сөндіру жүйелері мен құралдарын түзу күйінде ұстауға, олардың мақсатқа сай пайдаланылмауына жол бермеуге;

- өрт қарсы қызметке өрттерді сөндіру, олардың шығу және өршу себептері мен жағдаяттарын анықтау кезінде, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуына және өрттердің шығуына кінәлі адамдарды анықтау кезінде жәрдем көрсетуге ;

- өрттерді анықтайтын және сөндіретін автоматты құралдарды енгізу жөніндегі шараларды жүзеге асыруға ;

- өрт сөндіру жөніндегі іс-әрекеттерді атқаруға қатысатын өртке қарсы қызмет бөлімшелері және өрт сөндіруге тартылған күштер үшін ұйымдар аумағында өрттерді сөндіру кезінде қажетті күш-құралдарды, жанар-жағар май материалдарын, сондай-ақ тамақ өнімдері мен тынығу орындарын Үкімет белгілеген тәртіппен беруге ;

- өртке қарсы қызметі өкілдеріне олар ұйымдар аумағында қызмет бабындағы міндеттерін жүзеге асырған кезде заңдарда белгіленген тәртіппен жүріп-тұруын қамтамасыз етуге ;

- өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы, соның ішінде өздері өндіретін өнімдердің өртену қаупі туралы, сондай-ақ өз аумақтарында болған өрттер және олардың зардаптары туралы мәліметтер мен құжаттарды мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына беруге ;

- өрттердің шыққаны, өртке қарсы қолда бар қорғану жүйелері мен құралдарының ақаулары туралы, жолдар мен кірме жолдардың жай-күйінің өзгерістері туралы өртке қарсы қызметке дереу хабарлауға ;

- өрттің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ ұйымдар мен объектілердегі өртке байланысты бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасауға ;

- шөптесін өсімдіктерді өртеу және ашық алаңқайларда арнайы от әсерлерін қолдану жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асырудың басталғаны туралы уәкілетті

органға хабарлама жасауға міндетті.

Өтініш берушілер «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметті немесе іс-қимылды жүзеге асыру басталғанға дейін кемінде он жұмыс күні бұрын хабарламалар беруді жүзеге асырады.

Егер іс-қимылды жүзеге асыру үшінші тұлғаларға зиян келтіру қатеріне байланысты болса, хабарламада өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өтініш беруші қабылдаған шаралар қосымша көрсетіледі.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.07.16 № 437, 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.06.28 № 295-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-1-тарау. Өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерді тәуелсіз бағалау

Ескерту. Кодекс 5-1-тараумен толықтырылды - 2010.06.28 № 295-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-1-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерге тәуелсіз бағалау жүргізу

1. Өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерді тәуелсіз бағалау объектінің меншік иесі мен сарапшы ұйым арасында жасалатын шарт негізінде жүргізіледі.

Сарапшы ұйым өрт қауіпсіздігі саласындағы өзге де қызметті жүзеге асыруға, басқа жұмыстарды орындауға және (немесе) қызметтер көрсетуге құқылы емес, сондай-ақ өзіне меншік құқығымен тиесілі объектіде өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерге тәуелсіз бағалауды жүргізе алмайды.

2. Өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерді тәуелсіз бағалау мынадай іс - шараларды :

1) объектінің өрт қауіптілігін, сондай-ақ персоналдың даярлық деңгейін сипаттайтын құжаттарды талдауды;

2) объектінің өрт қауіпсіздігі жай-күйі туралы объективті ақпарат алу, өрттің шығу және өршу, өрттің қауіпті факторларының адамдарға әсер ету мүмкіндігін анықтау үшін, сондай-ақ объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін айқындау үшін объектіні тексеруді;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерді тәуелсіз бағалау жөніндегі есептемелерді жүргізуді;

4) объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды дайындауды қамтиды.

Өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерге тәуелсіз бағалау жүргізу нәтижелері

қорытынды түрінде ресімделеді.

Сарапшы ұйым қорытынды жасалғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қорытындының көшірмесін уәкілетті органның аумақтың бөлімшесіне табыс е т е д і .

Қорытындының қолданылу мерзімі үш жылды құрайды.

3. Өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерді тәуелсіз бағалау мемлекеттік меншік объектілерінде, адамдар жаппай жиналатын және тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінде жүргізілмейді.

Қатерлерді тәуелсіз бағалау нәтижелері объектілерді қатер дәрежесі бойынша бөлу үшін негіз болып табылады.

25-2-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерді тәуелсіз бағалау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу

1. Өрт қауіпсіздігі саласындағы қатерлерді тәуелсіз бағалау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Өзінің штатында мынадай талаптардың біріне сай келетін:

1) өрт қауіпсіздігі саласында жоғары білімі бар;

2) өзге жоғары білімі және мемлекеттік және (немесе) мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерде кемінде бес жыл жұмыс стажы бар, арнайы оқыту курстарынан өткен кемінде үш маманы бар ұйымдар сарапшы ұйымдар бола а л а д ы .

Сарапшы ұйымдар үшін мамандарды арнайы оқыту курстары мамандандырылған оқыту ұйымдарында өткізіледі, оларға қойылатын талаптарды, сондай-ақ арнайы оқыту курстарынан өту шарттары мен тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

3. Аккредиттеу үшін ұйым мынадай құжаттарды:

1) электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) ұйымға меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде тиесілі үй-жай туралы, жабдық туралы ақпаратты қамтитын, өтініш беруші электрондық құжат нысанында жасаған мәліметтер нысанын;

3) ұйым мамандарының білімі туралы, мемлекеттік және (немесе) мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердегі жұмыс өтілі, сондай-ақ олардың арнайы оқыту курстарынан өткені туралы құжаттарының электрондық кө ш і р м е л е р і н ұ с ы н а д ы .

4. Аккредиттеу туралы құжаттарды қарау және олар бойынша шешім қабылдау үшін тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылады, оның құрамы мен қызмет тәртібін уәкілетті органның басшысы айқындайды.

Комиссия аккредиттеу туралы құжаттарды қарауды олар уәкілетті органға түскен кезден бастап есептелетін он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Оң шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган сарапшы ұйымдардың

мемлекеттік тізіліміне тиісті жазба енгізеді және өтініш берушіге аккредиттеу аттестатын б е р е д і .

5. Ұсынылған құжаттар осы баптың 2 және 3-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті орган аккредиттеуден бас тарту туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

Аккредиттеуден бас тартылған жағдайда, өтініш берушіге бес жұмыс күні ішінде мұндай бас тартудың себептері көрсетіле отырып, дәлелді жазбаша жауап ж і б е р і л е д і .

6. Аккредиттеу мәселелері бойынша даулар туындаған кезде өтініш берушілер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен с о т қ а жү г і н у г е қ ұ қ ы л ы .

7. Аккредиттеу аттестаттары электрондық құжат нысанында беріледі, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жарамды болады және олардың қолданылу мерзімі бес жыл .

Аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі аккредиттеу туралы шешім қабылданған кезден бастап есептеледі.

Аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты сарапшы ұйым қайта аккредиттеу үшін осы бапта көзделген құжаттарды табыс е т е д і .

8. Аккредиттеу аттестатында:

1) ұйымның атауы (аты және ұйымдық-құқықтық нысанын көрсету), орналасқан ж е р і ;

2) аккредиттеу аттестатының тіркеу нөмірі;

3) аккредиттеу аттестатының сарапшы ұйымдардың мемлекеттік тізілімінде тіркелген кү н і ;

4) аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі көрсетіледі.

9. Аккредиттеу аттестатынан айыру Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

10. Аккредиттеу аттестатының қолданылуы мынадай:

1) сарапшы ұйымның аккредиттеу аттестатының қолданылуын тоқтату туралы ө т і н і ш б е р у і ;

2) аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімінің өтуі;

3) заңды тұлғаның таратылуы;

4) аккредиттеу аттестатынан айыру негіздері бойынша тоқтатылады.

11. Алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 25-2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-тарау

Өрт қауіпсіздігі саласындағы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

26-бап. Өрттерді және олардың зардаптарын тексеру

Өрттерді тексеру және олардың зардаптарын анықтау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылғаны немесе лауазымды адамдар мен азаматтардың әрекетсіздігі анықталған жағдайда тексеру материалдары кінәлілерді жауапқа тарту үшін тиісті органдарға берілуге тиіс.

27-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы заңдарды және өзге де нормативтік актілерді бұзғандық үшін жауапкершілік

Өрт қауіпсіздігі туралы заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

Ескерту. 27-бапта мемлекеттік тілдегі мәтінге өзгерту енгізілген жоқ - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

28-бап. Азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге өрт келтірген залалды өтеу

Өрттердің салдарынан азаматтардың денсаулығына, мүлкіне қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге келтірілген залалды өтеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

28-1-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің жауапкершілігі және олардың іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану

құқығы

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

Ескерту. 28-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

7-тарау

Қорытынды және өтпелі ережелер

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

29-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы дауларды шешу тәртібі

Өрт қауіпсіздігі саласындағы дауларды Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен соттар шешеді.

30-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жұмысында заңдылықтың сақталуын қадағалау

Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жұмысында заңдылықтың сақталуын қадағалауды мемлекет атынан Қазақстан Республикасының прокуратура органдары жүзеге асырады.

31-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы халықаралық шарттар

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда белгіленгеннен өзгеше ережелер көзделсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

32-бап. Өтпелі ережелер

2009 жылғы 1 қаңтарға дейін ішкі қызметтің (өртке қарсы қызметтің) полковнигі немесе ішкі қызметтің (өртке қарсы қызметтің) генерал-майоры арнайы атақтары берілген мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері мынадай шекті жасқа:

- 1) ішкі қызметтің (өртке қарсы қызметтің) полковнигі - елу жасқа;
- 2) ішкі қызметтің (өртке қарсы қызметтің) генерал-майоры елу бес жасқа жеткенде қызметтен босатылуға құқылы.

Ескерту. 32-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті